



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 22 мамыр

Кредиттік шығындарды жете бағаламау – банк секторының тұрақтылығына төнген қауіп

Жұмыс істемейтін қарыздардың нақты көлемі есептілік көрсеткіштеріне қарамастан, ұзақ уақыт бойы төмендеген жоқ. 10 жыл бұрынғыдай макроэкономикалық күйзелістерді іске асыру жұмыс істемейтін қарыздардың өсуінің жалғыз себебі болған жоқ. Бұл туралы бүгін Алматы қаласында өткен Қазақстанның Қаржылық Тұрақтылығы туралы 2015-2017 жылдардың есебін таныстыру кезінде Қазақстан Ұлттық Банкі Қаржылық тұрақтылық департаментінің директоры Сәбит Хәкімжанов айтып берді.

Ол 2017 жылы бұған дейін жұмыс істемейтін қарыздар деп танылмаған қарыздардың және олар бойынша зиянның бір бөлігін жекелеген банктер танып, олар үстеме капиталдандыру есебінен өтелгенін атап өтті.

«Қайтарымдылығы төмен белгілері бар және провизиялармен өтеу деңгейі төмен қарыздар бұрынғысынша банктердің баланстарында қалуда, олар капиталға және экономиканы кредиттеу мүмкіндігіне қысым жасауын жалғастыруда», - деді С. Хәкімжанов.

Ол сонымен бірге реттеуші және қаржылық есептіліктегі активтер сапасының тікелей индикаторлары мен пруденциялық талаптарға пайдаланылмайтын жанама метрикалар арасындағы айырмашылық жинақталып, 2017 жылға дейін одан әрі маңызды бола түскенін айтты.

«2013 жылдың ортасында қарыздарды жіктеуден бас тарту кезінде жұмыс істемейтін қарыздар бойынша айырмашылық 12%-ды, провизиялар бойынша 3%-ды құрады. Айтарлықтай айырмашылық жұмыс істемейтін қарыздарға 10%-дық шектеу енгізілгеннен кейін 2015 жылдан басталды. Алайда, деректермен айла-шарғы жасаудың негізгі құралдарының бірі қайта құрылымдау болды», - деп түсіндірді С.Хәкімжанов.

Кездесуге қатысушылар алдында сөз сөйлеу кезінде Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілі кепілмен қамтамасыз ету құнын асыра бағалау мәселелерін қозғады. Атап айтқанда, оның айтуынша 2015 жылға дейін банктердің тұрғын және тұрғын емес үйлер кепілдерінің құнын айтарлықтай асыра бағалауы болған жоқ. 2015 жылдан кейін банктердің кепілдер құнын асыра бағалауы жекелеген банк топтары бойынша ғана байқалды.

«Ақша ағынын қозғалысқа келтірмейтін қарыздар бойынша пайыздық кірісті тану пайыздық кірісті танудың агрессивті саясатына жатады», - деп атап өтті С.Хәкімжанов.

Ол жұмыс істемейтін қарыздар мен олар бойынша зиянды уақтылы танымау, кепілмен қамтамасыз ету құнын асыра бағалаудағы әлсіз практика, пайыздық кірісті танудың агрессивті саясаты ақыр соңында несие портфелі сапасы, рентабельділік және капитал жеткіліктілігі көрсеткіштерінің көтерілуіне әкеп соқты деп толықтырды.

Несие портфелінің сапасы қарыз берілген сәттен бастап оның қолданылу циклы аяқталғанға дейінгі кредиттік шешімдердің сапасына байланысты

Несие портфелінің сапасы қарыздардың нашарлау белгілерін уақтылы анықтауды және олар бойынша негізделген шаралар қабылдауды қоса алғанда, қарыз берілген сәттен бастап оның қолданылу циклы аяқталғанға дейінгі кредиттік шешімдердің сапасына байланысты. Бұл туралы бүгін Алматы қаласында өткен Қазақстанның Қаржылық Тұрақтылығы туралы 2015-2017 жылдардың есебін таныстыру кезінде Қазақстан Ұлттық Банкі Қаржылық тұрақтылық департаментінің директоры Сәбит Хәкімжанов айтып берді.

Ол банк активтері сапасының төмен болуы байланысты кредиттеу сияқты жосықсыз кредиттік практикалардың жүйелілігін және таралуын растайтынын атап өтті, себебі байланысты кредиттеуді анықтау банк акционерлерін және қарыз алушыларды ашу жөніндегі талаптардың әлсіздігіне; мәңгі жасыл қарыз деп аталатын, қарыздың қосалқы оңтайлы құрылымына, қайта құрылымдау мен қайта қаржыландырудың созылмалы және өнімсіз практикасына, сондай-ақ корпоративтік қарыздар бойынша мерзімін ұзартудың тіркелген фактілерінің 30%-ы шарт бойынша өтеу мерзімі аяқталғаннан кейін, 45%-ы өтеу мерзімі аяқталғанға дейін бір ай бұрын жүргізілген кезде анықталған жағдайларға байланысты қиын болып отыр.

С. Хәкімжановтың айтуынша капиталдың сапасы және жеткіліктілігі кредиттік шешімдерді қабылдау процесінің және осы қарыздардың болашақтағы сапасының қаншалықты тиімді және мұқият болатынын айқындайды.

«Кредиттік портфель бойынша зиянды тануды болашақ кезеңдерге ауыстыру капиталдың нақты деңгейіне сәйкес келмейтін тәуекелдерді қабылдауға әкеп соғады. Капиталы жоқ банк миноритарлық инвесторларға, банктің және қоғамдық сектордың гаранторлары үшін құнның жоғалу қатерін келтіреді», - деп атап өтті ол.

Қорытындылай келе, С. Хәкімжанов кредиттік шешімдердің жақсы сапасын қамтамасыз ету үшін және банктік кредиттің өнімді болуы және құнын жасау, сондай-ақ оны бұзбауы үшін проблемалық активтер бойынша зиянды уақтылы танудың және капиталдың ауқымды жоғалтуының алғашқы белгілері болған кезде банк жүйесінен нашар банктерді шығарудың өте қажет екенін атап өтті.

Қазақтан Ұлттық Банкінде банк қызметін қадағалаудың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы есепті таныстырды

2016-2017 жж. Қазақстан Ұлттық Банкі басымдықтарының бірі 2007-2008 жж. дағдарыстан шоғырланған және 2014-2015 жж. макроэкономикалық күйзелістерден кейін ұлғайған құрылымдық проблемаларды шешу арқылы банк секторын қалыпқа келтіру болды. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкі Макропруденциялық саясатты талдау басқармасының бастығы Әлия Уатаева Қазақстан Ұлттық Банкінің 2015-2017 жж. Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы есепті таныстыру барысында айтты.

Қазақстан Ұлттық Банкінде Қазақстанның банк секторындағы негізгі құрылымдық проблемалардың банктердің байланысты тараптарын кредиттеу және активтерді шығару, есептілік пен бағалау сапасын төмен, тәуекелдерді басқару жүйесі деңгейінің төмен, мемлекеттік қорландыруға тәуелділіктің жоғары болуы, сондай-ақ заңнамалық және реттеу ортасының тиімділік пен қадағалау мандатын, проблемалық банктерді тану мен реттеуді шектейтін кемшіліктері болып табылатыны атап өтілді.

«Реттеу режимінің кемшіліктері мемлекеттік қорландырудың шоғырлануының жоғары болуымен қатар Қазақстан Ұлттық Банкінің қоғамдық шығындарды азайта отырып тиімді реттеу бойынша мүмкіндігін шектейді, Ұлттық Банк үшін құқықтық және бедел тәуекелдерін жасайды, сондай-ақ банктердің жағдайды шешу бойынша жауапкершілігі мен мотивациясын төмендетеді», - деп атап өтті Ә. Уатаева.

Осыған байланысты, қаржы реттеушісі атап өткендей, 2017 жылы Қазақстанның Ұлттық Банкі банк қызметін қадағалаудың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар шаралар әзірледі.

Атап айтқанда, А. Уатаеваның айтуынша, өткен жылы кредиттік тәуекелді бағалау әдістемесі негізінде капиталдан реттеушілік шегерім тетігі енгізілді және кредиттік тәуекелдер мен провизияларды бағалау кезінде, оның ішінде қайта құрылымдалған қарыздар бойынша барынша консервативтік тәсілді көздейтін 9-ХҚЕС-на өту жүзеге асырылды.

Сонымен қатар тәуекелге бағдарланған қадағалау шеңберінде, оның ішінде банктердің активтерінің сапасын бағалау, байланыстылық «презумпциясын» енгізе отырып байланысты тұлғалармен мәмілелерді реттеу және тәуекелдерді басқару жүйелерін және банктің басшы қызметкерлері мен ірі акционерлерінің іскерлік белсенділігін бағалау кезінде уәжді қадағалау пайымдауды енгізу бойынша заңнамалық түзетулер әзірленді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің проблемалық банктерді анықтау және реттеу жөніндегі мандатын қайта құру мақсатында Ұлттық Банк 2017 жылы мысалы, мемлекеттік шығындарды барынша азайту және акционерлердің/кредиторлардың зияндарын бөлу үшін төлемге қабілетсіз банктің міндеттемелеріне (bail-in) мәжбүрлеп қайта құрылымдауды енгізуді, мынадай халықаралық қағидаттарды енгізуді: (1) кредиторлардың кезектілік иерархиясының есебін және бұзушылықтар кезіндегі өтем жасау тетігін; (2) акционерлермен, депозиторлармен/кредиторлармен келісудің күшін жоюды, активтерді әкету бойынша жарамсыз мәмілелерді сотта тануға арналған Ұлттық Банктің құқығын көздейтін заңнамалық түзетулерді әзірледі.

«Қазақстанның Ұлттық Банкі заң деңгейінде капиталдандыру мерзімін шектей отырып, капитал бойынша талаптарды бұзушылыққа әкелетін фактілер (қалыпты бұзушылықтарды күтпей-ақ) анықталған кезде проблемалық банкке қатысты шаралар қабылдауға құқылы болады», - деп түйіндеді Ұлттық Банктің өкілі.

Қазақстанның Ұлттық Банкіде қорландыру және өтімділік тәуекелдерінің төрт негізгі факторы атап көрсетілді

«Тәуекелдің негізгі факторларының бірі жоғары долларландыру», - деп атап өтті Қазақстан Ұлттық Банкінің Макропруденциялық саясатты талдау басқармасы бастығының орынбасары Динара Тазетдинова Қазақстанның қаржылық тұрақтылығының 2015-2017 жылдардағы есебін таныстыру барысында.

«Долларландыру девальвациялық күтулер кезінде банктердің балансындағы теңгелік өтімділікке қысымды және валюталық тәуекелдерді туғызады. ЕДБ бұл ретте долларландыруды бақылай алмайды, бірақ тәуекелдерді басқару шеңберінде ескеруге тиіс. Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі міндеті бұл ретте еркін өзгермелі айырбастау бағамы шеңберінде теңгеге сенімді қамтамасыз ету болып табылады», - деп жалғастырды ол.

Бұл ретте Қазақстанның Ұлттық Банкі 2016-2017 жылдар аралығында кезеңде ұсынған статистика бойынша салымдарды долларландыру 72%-дан 48%-ға дейін төмендеді, бұл еркін өзгермелі айырбастау бағамына өтуге және девальвациялық күтулерді төмендетуге, сондай-ақ мөлшерлемелерді және кепілдік берілген соманы көтеру арқылы теңгелік депозиттердің тартымдылығын арттыруға айтарлықтай себепші болды.

«Өзгермелі бағамға көшу теңгеге деген сенімді қалпына келтіруге, долларсыздандыруға ықпал етті және теңгенің өтімділігіне қатысты ахуалды тұрақтандырды. Нашар несие портфелі бар жекелеген банктерде ғана өтімділікпен проблемалар болды. 2016 жылы АКС шеңберінде өтімділікті беру/ алу бойынша пайыздық мөлшерлеме дәлізін

енгізу Қазақстан Ұлттық Банкіне құрылымдық дефицит, сол сияқты өтімділік профициті кезінде тиімді ден қоюға мүмкіндік берді», - деді Д. Тазетдинова.

Қазақстан Ұлттық Банкінің мәлімдеуі бойынша квазимемлекеттік/мемлекеттік қорландырудың жоғары шоғырлануы тәуекелдің тағы бір факторы болып отыр. Ол банктердің өздігінен дамуын және нарықтық қорландыруды қалыптастыруды ынталандырмайды және реттеу бойынша шараларды қолдану кезінде мемлекеттің шығыстарын ұлғайтады. «Шоғырландыру тәуекелдері айтарлықтай өсті, олар мерзімінен бұрын алу құқығымен салымдар түрінде қорландыру нысанымен тереңдей түседі. Ірі депозиторлардан тәуелділік бірнеше ірі салымдарды бірмезетте алу кезінде өтімділікпен проблемаларды туындатуы мүмкін. Тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізу және банктердің өздерінің пассивтерін және активтерін, сол сияқты өтімділікті басқаруға қатысты жауапкершілігін күшейту талап етіледі», - деп атап өтті Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілі.

«Біз сол сияқты тәуекелдер арасынан депозиттер мерзімділігінің болмауын және ұзақ қорлардың дефицитін атап өтеміз. Депозиттер сыртқы қорландыруды алмастырды, бірақ тұрақты мерзімді қорлар болып табылмайды. Бұл ретте депозиттердің шартты мерзімділігі ҚДКҚ шекті мөлшерлемелерін реттеу деңгейінде мерзімділікті қалыптастыруды ынталандыру бойынша шараларды талап етеді. Көптеген банктер депозиттерді айыппұлсыз мерзімінен бұрын алуға және өзге ынталандырмайтын талаптарға жол береді, нәтижесінде мерзімді салымдар іс жүзінде талап етуге дейінгі салымдармен теңестіріледі және мерзімділік деген ұғым бірдей болып қалады. Осының салдары ретінде банктерде ұзақ және тұрақты қорлар дефициті туындайды және экономиканы ұзақ мерзімді кредиттеу әлеуеті шектеледі», - деді Д. Тазетдинова.

Қазақстан Ұлттық Банкінің статистикасы бойынша 2017 жылы теңгемен қысқа мерзімді салымдар бойынша мөлшерлеме ұзақ мерзімді мөлшерлемелермен теңестірілді. Валютамен депозиттерге қатысты керісінше болды - ұзақ мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелер қысқа мерзімді депозиттерге жақындады. Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер арасында айырманың төмендеуі ұзақ мерзімді депозиттерді таңдауға басымдық бермейді. «2018 жылы мерзімінен бұрын алу үшін мерзімдеріне және айыппұлдардың болуына қарай халықтың теңгемен депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелерді саралауға көшу қажет», - деп Қазақстан Ұлттық Банкінде атап өтілді.

«Бүгінгі күні депозитті толықтыру депозиттерді тартудың негізгі нысаны болып табылады және ол жаңадан жасалған шарттарға қарағанда неғұрлым жоғары мөлшерлемелер бойынша жүргізіледі. Нәтижесінде пайыздық тәуекелдер және қорландырудың орташа құны ұлғаяды, сол сияқты шекті мөлшерлемелер тетігінің пәрменділігі төмендейді. Осындай құқығы бар депозиттік өнім бойынша пайыздық мөлшерлемені қалыптастыру кезінде депозитті толықтыру құқығының құнын есепке алу тетігін енгізу қажет», - деп қорытындылады Д. Тазетдинова.

Ұлттық валютаның айырбастау бағамының икемділігі экономикалық дамудың негізгі факторларының бірі болып табылады

«Қазақстанда экономиканың мұнайға жоғары тәуелділігі сақталуда», - деп атап өтті Қазақстанның Қаржылық тұрақтылығы туралы 2015-2017 ж.ж. есебін таныстыру кезінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Қаржы ұйымдарының тәуекелдерін кешенді бағалау басқармасының бас маман-талдаушысы Әлиев Бахтияр. «Мысалы, теңгенің белгіленген айырбастау бағамы кезінде бір баррель үшін бағаның 10 долларға түсуі орташа алғанда экспорттық кірістердің жылына 9,0 млрд. АҚШ долларына төмендеуіне әсер ете алды».

Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілдері 2015 жылдың сыртқы күйзелістері терең және қолайсыз болғанын атап өтті. Ұлттық валютаның нақты бағамы сол кезде тұрақты болған емес және мұнай бағасына тәуелді болды. Бұл ретте, асыра бағаланған теңге елдің валютамен кірістерінің төмендеуі аясында тұтынуды және импорттың өсуін көтермеледі. «Рубльдің нақты айырбастау бағамы тұтыну қоржындарының негізінде қазақстандық тауар құнының қымбаттауына әкелді, бұл импортты арттыра түсті. Қазақстандық еңбек ресейлік еңбекке қарағанда асыра бағаланған, бұл да отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін азайтты», - деді Б. Әлиев.

Қалыпқа келу белгілері 2016 жылдан бастап біліне бастады. Атап айтқанда, сауда – саттық жүргізуші секторлардың үлесі өсті. Бұл ретте, экономика құрылымындағы олардың үлесінің аз болғанын ескеру қажет. Оң факторлардың ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін және қайта өңдеу, негізінен металлургия өнеркәсібі өнімдерін сату жақсарғанын атап өтуге болады.

«ІЖӨ-нің өсуіне сонымен бірге, 2016 жылы импортты тұтынуды қысқарту және 2017 жылы экспортты ұлғайту оң әсерін тигізді», - деп атап өтті Қазақстанның Ұлттық Банкінде.

Тағы да бір жағымсыз фактор 2015 жылы іс жүзінде жұмыспен қамтылудың қысқаруы болды, ол теңгенің белгіленген айырбастау бағамы себебінен оған икемделу мүмкіндігінің болмауы салдарынан кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі нәтижесінде орын алды.

«2015 жылдың екінші жартысында еркін өзгермелі айырбастау бағамына көшу неғұрлым өткір сыртқы экономикалық теңгерімсіздіктерді жойды, ішкі бағалардың саудаланатын шикізаттық емес сектордың пайдасына ауысуын жылдамдатты. Одан басқа, бұрын белгіленген теңге жағдайында айырбастау бағамын түзетулерден күтулер ұлттық валютаға деген сенімді жоғалтуға әкелді, ал түзетулердің өзі бағамның ұзақ мерзімді құбылмалылығын арттырып, жоғары инфляцияға ықпал етті. Жаңа режимге көшуден кейін АКС сыртқы және ішкі факторлардың өзгеруіне жауап ретінде теңгенің біркелкі құбылмалылығы икемді баға белгілеудің тура дәлелі болып отыр. Бұл ретте, үш жылдық кезең ішінде АКС түбегейлі өзгерістерге ұшырады: Қазақстанның Ұлттық Банкі айырбастау бағамын басқарудан бас тартты және инфляцияны таргеттеуге көшті. Жаңа режимге көшкеннен кейін Ұлттық Банк ақша нарығының мөлшерлемелерін бақылау мүмкіндігіне ие болып, оны бақылай бастады», - деді Қазақстан Ұлттық Банкінің Қаржы және нақты активтерді кешенді бағалау басқармасының бастығы Айжан Үсенова.

Өтпелі кезең 2016 жылдың басында Қазақстан Ұлттық Банкі пайыздық мөлшерлемелерді бақылауды біртіндеп күшейте бастаған кезде аяқталды. Тұрақтандырылуға байланысты реттеуші валюта нарығына қатысуын біртіндеп азайтты. Айырбастау бағамының саясаты сенімді болды.

Қазақстан Ұлттық Банкі 2016 жылдан бастап пайыздық мөлшерлемелердің төменгі шегін қорғау үшін жүйеден теңге өтімділігін алуда. «Автономды факторлар тарапынан теңге өтімділігін ұсыну едәуір өсті. Бюджет арнасы арқылы түсім теңге өтімділігін автономды ұсыну көздерінің бірі болды. Екінші фактор теңгенің нығаюы аясында банктік салымдарды долларсыздандыру болды. Қазіргі уақытта Қазақстан Ұлттық Банкі алатын өтімділік көлемі жоғары деңгейде сақталып отыр», - деді А.Үсенова.

Нысаналы дәліздің төменгі шегіндегі өтімділікті алуға мүмкіндік беретін Ұлттық Банктің ноттары өтімділікті алудың негізгі құралы болды. Мөлшерлемелер саясатын жүргізудегі жүйелілік, мерзімділігі бір жылға дейінгі ноттарды шығару және реттеуші тарапынан тұрақты қарым-қатынас орнату нарық қатысушыларына ұзақ мерзімді уақытта қорландыру құны бойынша бағдар берді және бір жылға дейінгі мерзімге теңге құралдарының нарығын қалыптастырды», - деп сөзін жалғастырды А.Үсенова.

«Ұлттық Банктің ноттарын ҚРҚМ ұзақ мерзімді облигацияларға ауыстыру бір жылдан артық мерзімге белсенді ақша нарығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін еді», - деп айтты Ұлттық Банктің өкілі.

Шын мәнінде, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында жүйелі мәселелер өзекті болып қалып отыр. «2014 жылы зейнетақы активтерін шоғырландыру және бірыңғай басқарушыға беру МБҚ нарығындағы институционалдық инвесторлар нарығының бірден тарылуына әкелді, нәтижесінде бастапқы нарықтағы белсенділік төмендеді, бұл жерде БЖЗҚ басты және жалғыз сатып алушы болды. Нарық құрылымындағы мұндай өзгеріс нарықтық сипатын жоғалтқан МБҚ нарығындағы бағаның қалыптасу барысына әсерін тигізді. ҚРҚМ МБҚ-ның қайталама нарығы өтімсіз күйінде қалды, бұл бір жылдан астам уақытта кірістіліктің тәуекелсіз қисығын ұзақ мерзімді уақыттағы күтулердің белгісіздігін сақтап қалуға ықпал етті», - деп атап өтті А.Үсенова.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша ала алады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz